

**Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана деп көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, сарабдал саясаткер, адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілін шеберлікпен игерген Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев айтқандай кітап рухани қазынамыз. Осы рухани байлықты насихаттау барысында 2020 жылдың мерейтой иелері жергілікті ақын жазушылардың шығармаларын насихаттау Родина ауылында орналасқан «Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Орталық кітапханасында жалғасын табуда.**

Мемлекеттік сыйлықтың иегері, күні бүгінге дейін 25 том көлеміндегі көркем шығармалары жарық көрен жазушы жерлесіміз, М Шолохов атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Ресей педогогика және әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, көрнекті суреткер - Сәбит Айтмұхамбетұлы Досановтың - 80 жылдық мерейтойына орай білім орталығында «Кемел ойдың күмбезі» атты арнау кеші өтті.

Тас бұлақтың қайнарындай
түп-тұнық
Талантыңды талай елге
ұқтырып.
Тұрсың биік, туың міне
желбіреп
Тұлғаң толы –ірілік пен мықтылық, – деп журналист Хамитбек Мұсабаев ағамыз жырға қосқан Сәбит Досанов 1940 жылы Аманкелді ауданы, Байғабыл ауылында дүниеге келген. Аудан орталығындағы Амангелді Иманов атындағы қазақ орта мектебін тамамдағаннан кейін С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түседі. Мектепте оқып жүрген кезден бастап өлеңдер, қысқа мақалалар жазып, ақындық, жазушылық қабілетімен көзге түседі. Ал университетте оқыған кездері республикалық басылымдарға очерк, публицистикалық мақалалар жазады. 1958 жылы «Шабындықта» атты тырнақалды шағын әңгімесі екінші сыныптың «Ана тілі» оқулығында, бірқатар әңгімелері «Пионер» журналында басылады.

Сәбит Досанов прозасындағы шырғалаң тағдырлар жазушының өз өмірінде көзімен көрген, көңіліне түйген түйінді ойлары мен сол ой таразысынан өткізіп,

мәселелер төңірегіндегі топшылауы мен айтпақ ой- пікірін қарымды қаламгер романдары арқылы оқырманға жеткізеді. Жалпы Сабит Досанов - қарапайым ауыл адамдарының бар болмысын аса сезімталдықпен орынды аша білген психолог жазушы.

Кеш барысында Сәбит Досановтың өмірі, еңбек жолдары, жеткен жетістіктері туралы мағлұмат беріліп, шығармашылығымен таныстырылды. Қасиетті Торғай топырағынан шыққан қазақ еліне белгілі ақын – жазушылар: Сырбай Мәуленовтің ; «Сүйсініп шабысыңа қарадым мен», Ғафу Қайырбековтің ; «Талант пен еңбегіңнен таптың бақыт», Серік Тұрғынбекұлының ; «Шарламаған жер қалмады шетелден», Нағашыбай Мұқатовтың ; «Жазбай қалған жалғанда жанры жоқ» атты арнау өлеңдерін кітапхана оқырманы Елдос Шөменов пен кітапханашылар Қырмызы Дүйсенбаева мен Айгүл Әлімғазина мәнерлеп оқып, жырдан шашу шашып, оқырмандардың ризашылығына бөленді.

Сезімді қортындылай келе, туған жердің топырағынан нәр алған, тума таланттарымызды қадірлейік ағайын. Жерлес ақын жазушылардың, Сәбит Досановтың шығармаларымен танысып, оқып, рухани қазынамызды кеңейтейік!

Жаңагүл МЫРЗАҒАЛИЕВА,
Оқу залы бөлімінің